ЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ТУЫ

НІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
АЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ноябрь Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.

**Мұғалімдер мен мұғалималар, халық ағарту қызметкерлері! Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттырыңдар, оқушыларды ғылым негіздерінің білімдерімен қаруландырыңдар! Социалистік қоғамның мәдениетті, білімді азаматтарын, коммунизмнің белсенді құрылысшыларын тәрбиелеп өсіріңдер!**

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрьдің 35 жылдығына арнаған ұрандарынан).

## сының
## к

ı орналастыруда
емшіліктер бар.
ынкөл бастауыш
ебары 15 бала
асқа оқытушы
Мұнда оқу сапа-
ерлер арасында
ы жүргізілмейді.
оқытушы пәтер-
р. Екінші бөлме-
стық қоймасына
тқа дейін босат-
деу жұмыстары
азу тақталары
жеткен. Отын
лығы мұнда оқу-
алуына нұқсан

кетіжылдық мек-
беретін оқыту-
йындалмай келу-
Соның салдары-
ғы үстінде бала-
тырған есебін
рнына, дайындал-
енті өзі шығара
жылдық мектебі-
да сабаққа да-
н. Ол оқушылар-
ыстарының қай
жөнінде қойған

# Колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуы тыңғылықты жүргізілсін

☆ ☆ ☆

## Маңызды іске көңіл бөлінбеген жерде

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезі социалистік ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына егін және мал шаруашылығын онан әрі өркендете беру жөнінде аса күрделі міндеттер қойды. Мұндай күрделі міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруда советтік агробиология ғылымының табыстары мен озат тәжрибені кеңінен насихаттап, колхоз өндірісіне батыл енгізудің зор маңызы бар.

Агробиология ғылымы мен озат тәжрибе табыстарын насихаттауда, сөйтіп, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің білімін көтеріп, мамандығын үздіксіз арттыра беруде үшжылдық арго-зоотехникалық курстар зор роль атқарады.

Совет ауданының кейбір алдыңғы қатарлы колхоздарында агро-зоотехникалық курстарда жаңа оқу жылы ұйымшылдықпен басталып,оларда сабақ ойдағыдай өткізілуде. «Борьба за коммунизм» колхозын мысалға алуға болады. Мұнда үшінші жыл жұмыс істейтін зоотехникалық және екінші жыл жұмыс істейтін агрономиялық топ бар. Екі топта да сабақ мерзімінде басталды. Қазірдің өзінде бұлардың әрқайсысында 4 реттен сабақ өтті

Курстың тыңдаушылары алған білімдерін күнбе-күнгі жұмыстарында шеберлікпен қолдануда. Мәселен, курстың тыңдаушысы И. Бондаренко жолдас ғылым мен тәжрибені ұштастырудың нәтижесінде үстіміздегі жылы 27 биеден 27 құлын өсіріп, Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемесін абroймен жүзеге асырды. Д. Журавлева жолдас та қарамағындағы 25 бұзауды күйлі өсіріп келеді.

«Колос» және Ленин атындағы колхоздарда да колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуы ойдағыдай ұйымдастырылған. Сол сияқты, агроном Романова жолдас басқарған «Көктерек» колхозындағы агрономиялық топта да сабақ белгіленген күндері колхозшылардың зор белсенділігімен өтуде.

Алайда, ауданның көптеген колхоздарында колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуы ойдағыдай ұйымдастырылмай отыр. Бірқатар басқарма мүшелері колхозшылардың оқуына әлі күнге дейін жете мән бермей, оған нашар басшылық жасауда. «Красный полтавец» колхозында агрономиялық топтың ұйымдастырылғанына

жолдас) агрономиялық топта сабақты ойдағыдай ұйымдастыру жөнінде колхозға ешқандай көмек көрсете алмай келеді. Осының салдарынан МТС агрономдары мен зоотехниктері курстарда сабақ өткізуге немкетті қарауда. МТС-тің Криворотко, Яковенко сияқты агрономдары агро-зоотехникалық курстарда бірде-бір рет сабақ өткізбеуі бұған толық дәлел.

—Агро-зоотехникалық топтардың жұмысын бақылауға,— дейді Величко жолдас, —менің уақытым жоқ. Күзгі-қысқы жөндеу жұмысынан да қол босайтын емес.

Агро-зоотехникалық курстардың жұмысына күнбе-күн басшылық жасап, нақтылы көмек көрсету —аудандық ауылшаруашылық бөлімінің тікелей міндеті екені мәлім. Солай бола тұрса да, бұл бөлімнің (меңгерушісі Малеткин жолдас) қызметкерлері колхозшылардың оқуын ұйымдастырудан тыс қалып келді. Малеткин жолдасқа аудан колхоздарындағы 24 агро-зоотехникалық курстың небары 5 тобында ғана оқудың басталып отырғаны әбден мәлім. Бірақ, не пайда мұндай төзгісіз жағдай оны ешбір қынжылтар емес.

*Халықтық демократия елдерінде*

### Болгарияда И. В. Сталиннің „ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары“ деген еңбегін үйрену

СОФИЯ, 13 ноябрь. (СОТА). Болгарияның жоғары оқу орындарында И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегін үйрену басталды.

Софияның мемлекеттік университетінің философия-тарих факультетінде биылғы жылы социализмнің экономикалық заңдарының сыйпаты туралы, социализмнен біртe-бірте коммунизмге өту шарттары туралы, дүниежүзілік капиталистік системадағы жалпы дағдарыстың күшеюі туралы цикл лекциялар оқу қарастырылып отыр. Сонымен қатар, кафедралар И. В. Сталин жолдастың жаңа еңбегіне арналған мәжлістер өткізеді.

Пловдивтегі Василь Коларов атындағы ауылшаруашылық институтында Сталин жолдастың еңбегін үйрену жөнінде нақтылы шаралар белгіленген.

### ҚЫТАЙ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫ СОВЕТ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ ТӘЖРИБЕСІН ОЙДАҒЫДАЙ ҚОЛДАНУДА

...«...ының жасампаздары» деген даныш-пандық еңбегі негізінде жүргізетін болды. Сондай- ақ оларда тарих, математика, химия, физика, география пәндерін оқытудың сапасы да едәуір жақсартылды.

Аталған мектептердің партия, комсомол ұйымдары мектепте оқу- тәрбие жұмысының сапасын жақсартуға ерекше назар аударып отырады. Олар оқытушылармен бірлесе отырып, оқушылардың сабаққа үзліксіз қатысып, жақсы үлгеруін ұйымдастырады.

Мектептерде оқу- тәрбие жұмысының табысты болуы еңалдымен оқытушы кадрлардың біліміне, олардың іскерлік қаблетіне байланысты. Сондықтан оқытушы кадрлардың білімі, іскерлігі совет мектептерінің алдына қойылған жаңа міндеттер дәрежесіне сай болуы керек. Алайда, облыста оқытушы кадрларды ...гогикалық кеңес пен методикалық кеңесті уақытылы өткізіп отырудың оқытушыларды тәрбиелеуде зор маңызы бар. Бұл іске басшылық ету—облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің төл ісі. Істің бұл саласына мектеп басшылары да назар аударып, ол кеңестерді жоғары дәрежеде өткізіп отыруға тиіс.

Оқу жылының бірінші тоқсаны аяқталды. Кәзір оқу жылының екінші тоқсаны басталды. Бұл жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдарынан, халық ағарту орындарынан және оқытушылар коллективінен мектептерде оқу-тәрбие жұмысының сапасын мейлінше жақсартуды керек қылады.

Жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеу — аса маңызды іс. Барлық мүмкіншілік бұл жауапты міндетті мінсіз орындауға жұмсалсын.

## Шағын өзендерді транспорт мақсатына пайдалану

Шағын өзендерді транспорт мақсатына пайдалану жөніндегі республикалық басқарма Қазақстанның жақында меңгерілген өзендеріндегі навигацияның қорытындыларын шығарды.

Қаратал өзеншілері жүк тасу жоспарын ойдағыдай орындады. Олар өздерінің өндірістік жоспарын асыра орындады. Қаратaлдықтар Үштөбе темір жол станциясынан өзеннің төменгі жағындағы колхоздарға арналған жүктерді және Талдықорғанға арналған Балхаш маңайының отынын ойдағыдай тасыды. Быйыл Батыс Қазақстандағы Шаған және Дәрікөл өзендерінде жолаушылар тасу жұмысы тұңғыш рет ұйымдастырылды.

Жаз ішінде республиканың шағын өзендер бассейндерін транспорт мақсатына пайдалану жөнінде зор зерттеу жұмыстары жүргізілді. Солтүстік Қазақсгандағы Есіл өзенінің, Іле өзенінің төменгі жағындағы Топар өзенін осы қалпында, ал, Шығыс Қазақстандағы Бұқтарма және Оба өзендерін шамалы мелиорация жұмыстарын жүргізгеннен кейін транспорт мақсатына пайдалану мүмкін екендігі анықталды. Шаруашылық жүктерін осы өзендермен тасу өзендер маңындағы ауылшаруашылық ты және өнеркәсіпті аудандардың экономикасын өркендетуге едәуір көмек көрсетеді.

(ҚазТАГ).

## ӨСКЕМЕН СЭС-і ҚҰРЫЛЫСЫНДА

АБЛАКЕТКА, (ҚазТАГ). Орасан зор құрылыс алаңының үстінде мұнарланып тұман тұр. Ертістен көптеген бу көтеріліп бұлтқа айналуда. Күн түске таялған кезде тұман шамалы ыдырап, өзендегі жаңа бесжылдықтың тамаша құрылысы көзге ...

...де. Бетоншылар блоктарды бекітті, бетонды жылыту үшін бу трубаларын жүргізді. Монтажшылар да жұмыс қарқынын бәсеңдетер емес. Котлованның қоспасын бұзу басталды. Бірінші турбинаның монтажын аяқтап құрылысшылар сонымен бірге, ...наны құрастыруда. СЭС-тің ...інің құрылысында үйдің қабыр...ылау аяқталды.

...рек еді. Бірақ, іс жүзінде жағдай бұдан мүлдем басқаша болып отыр. Ауданда жаңа оқу жылына әзірлік былтырғыдай быйыл да нашар жүргізілді.

Аудан басшылары колхозшылардың үшжылдық агро -зоотехникалық оқуына тыңғылықты әзірлік жүргізуді, курста оқуға колхозшыларды көптеп тартуды, сол сияқты, оқу құрал- жабдықтарын жеткілікті әзірлеп алуды естен шығарды, бұл ... өткізуге әлі келген жоқ. Ол курста сабақ өткізуді тіпті ойлайтын да емес.

—Колхозшылар агрономиялық курста оқып, —дейді «Ленинский путь» колхозының председателі Бессонов жолдас, — өздерінің білімін көтеріп, мамандығын арттыруға өте құштар. Бірақ, агрономымыз келмей курста сабақ басталмай отыр.

Жалғыз бұл колхозда емес, басқа бір неше колхоздарда агро-зоотехникалық курс... ...жүзеге асыруда... ...тарда сабақты... өткізіп, колхоз... көтеріп, іскерлі... сіз арттыра бер... Олай болса, ау... агро- зоотехни... үздіксіз және ... өткізілуін қамта...

# Туған елім

## Шөл даланы меңгеру

АЛМАТЫ, 14 ноябрь. (СОТА). Шөл далада Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ильичев ауданы колхоздарының мақта плантациялары бар. Мұнда шөлейттен тартып алынған жерлерде мақтаны жыйнау аяқталып келеді. «Красная звезда», Тельман атындағы және «Прогресс» колхоздары алғашқы рет егін жыйнауда. Әр бір гектардан 22-26 центнерден шитті мақта өнімі алынуда.

Қазақстанның колхоздары мен совхоздары шөл далада 100 мың гектардан аса құнарлы жерлерді кәзірдің өзінде меңгерді. Бұл жөнінде 5 машина-экскаваторлық станциялар оларға көп көмек көрсетуде. Жер қазатын бірінші дәрежелі техникамен қаруланған механизаторлар шөлде каналдар қазуда, су қоймаларын жасауда, батпақты жерлерді құрғатуда, суару жүйесін қайта жасауда.

Партияның XIX съезінің директиваларында суарылатын жерлердің алаңын 30—35 процент ұлғайту көзделіп отыр. Қазақстанның машина экскаватор станцияларының механизаторлары бұл міндетті шешуге белсене қатысуда. Олар техниканы меңгеріп, механизациялау жөніндегі жұмыстарды комплексті түрде ұйымдастырып, жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады, жер қазу жөнінде өткен жылғыдан әлде қайда көп жұмыстар істеді.



**Цхалтубо.** ССРО көмір өнеркәсіп Министрлігі сана... (СОТА...

## Жаңа мақта-мата комб...

ЭНГЕЛЬС (Саратов облысы), 14 ноябрь. (СОТА). Энгельс мақта -мата комбинатының алаңдарында құрылыс жұмыстары барған сайын кеңінен өрістетілуде. Бұл комбинат өн... бере бастайды. ... бязь, бумазей, ма...рі өндіріледі.

## ...РМЫСЫ

# ...ың жақсартылсын

...ары бойынша
...дастыру мә-
...ғаттанған.
... коммунистер
...қтау ісінде
...удандық пар-
...колдастардың
... мектептерін
...рнына, олар-
...ептердің тың
...ен үйренуші-
...ның үстіне өз
...ына ешбір ба
...ьтанттар жү-
...іда өздігінен
...әтиже күтуге
...әлім.
...дағы негізгі
...р мен саяси
...ы насихатшы-
...икалық білімі-
...дықтан бұл
... олардың жұ-
...ап, таратып
...ндық партия
...ихатшылардың
...руға тиіс.
...ғы әрбір наси-
...жұмыс істеуін
...кеде өтуі керек.
... талқыланып,
...лық мәселелер
...тар ұйымдасты-
...не. Ленин ау-
...ұл істің маңыз-
...нда сентябрь
...ардың бірінші
...ақтары қанағат
... деуіміз керек.
...ың 25-ақ про-
... лекция оқу ісі
...а тапсырылған.
...йбіреуі өздерінің
... семинар баста-

ларының жауапкершіліктерін арттырмауынан болып отыр.

Жоғарыда аталған кемшіліктер басқа аудандарда да орын тепкен. Булаев ауданында да тыңдаушылардың қатыспауы себепті 8 үйірме мен саяси мектепте алғашқы сабақтар өтпеді. Алғашқы сабаққа қатыспаушылардың ішінде бастауыш партия ұйымының секретарьлары Матузов, Омельченко сықты жолдастар болған. Аудандық партия комитеті маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілердің жұмысына көмек көрсету шараларын кезінде қарастырмады. Жаңа оқу жылының алғашқы күндері өздігінен оқушы жолдастар үшін лекциялар ұйымдастырылмады, консультация жасалмады.

Соколов ауданы партия ұйымының партия оқуын ұйымдастыруда да елеулі кемшіліктер жоқ емес. Ворошилов атындағы колхоздың, Налобин жетіжылдық мектебінің партия ұйымдарының жанындағы үйірмелердің насихатшылары Гудилина, Бондаренко жолдастар алғашқы сабаққа әзірліксіз келді.

Аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары партия насихатын ұйымдастыруда орын алған кемшіліктерді қысқа уақыттың ішінде жоюға тиіс. Кадрлардың саяси оқуының барысына үнемі бақылау жасауы қажет.

Партия ұйымдарының міндеті, деді Маленков жолдас партияның XIX съезінде жасаған баяндамасында, идеологиялық жұмысты жете бағаламау сықты зиянды әдетті мүлде жою, партия мен мемлекеттің барлық буындарында бұл жұмысты күшейту болып табылады. Маленков жолдас «Біздің барлық кадрларымыз өмірден артта қалмау және партия міндеттерінің дәрежесінде болу үшін, бәрі түгел, өздерінің идеологиялық дәрежесін арттыру жолында жұмыс істеуге, партияның аса мол




Петропавл ауданының Архангель балалар үйінде тәрбиешілер күн сайын балаларға партияның XIX съезінің материалдарын оқып түсіндіруде.
СУРЕТТЕ: тәрбиеші **Т. Гайворон** жолдастың партия съезі жөнінде «Пионерская правда» газетінде жарияланған материалды оқып беріп тұрған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

# Ауыл-село еңбекшілерін киномен тыңғылықты қамтыйық

*(Тілші хаттарына шолу)*

Бесінші бесжылдық жоспар бойынша елімізде кино және телевидение онан әрі өркендетіледі. Кино- театрлардың саны көбейтіліп, бесжылдықтың ішінде киноустановкалардың саны, шамамен, 25 процент көбейтілетін болады, сонымен қатар, кинофильмдердің шығарылуы арттырылады. Мұның өзі кино қызметкерлерінен, әсіресе, жылжымалы кинолардың механиктерінен еңбекшілерге кино көрсету жөніндегі өздерінің жұмысын мейлінше жақсартуды талап етеді.

Облысымыздың киноландыру қызметкерлері партияның XIX съезінің директиваларын мүлтіксіз орындау жолында аянбай еңбек ете отырып, халықты киномен қамту ісін едәуір жақсартты. Көптеген ауыл-се...

...дық киноландыру бөлімінің басшылары жылжымалы кино механиктерінің жұмысына бақылауды күшейтіп, кинофильмдердің сапалы көрсетіліп тұруын қамтамасыз етсе екен.

— Облысымыздың экрандарында жаңа кинофильм көрсетіле бастағанын «Еркіндік» колхозының мүшелері мен оқушылары облыстық газеттерден оқып, біледі,— деп жазады тілші Ф. Мұқышов жолдас.— Бірақ, сол фильмдерді біздің колхозшылар мен оқушылар көре алмай жүр. Жылжымалы кино колхозға бірнеше айда бірақ рет келеді.

Тілші Н. Құлжанов жолдас осы колхоздың № 2 бригадасына жылжымалы кино келмегелі бір жыл болғандығын хабарлай-

# Кореядағы оқиғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 14 ноябрь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін өткен күні Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары Қымхва ауданында американ- ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы кескілескен қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады.

Кеше түнде американ интервенттері ешқандай соғыс объектісі жоқ Пхеньянның төңірегіндегі Хагонни селосына шабуыл жасап, оны аюандықпен бомбалауға ұшыратты. Осы бомбалаудың салдарынан көптеген тұрғын адамдар қазаға ұшырап, жараланды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар бейбіт елді пункттерге шабуыл жасаумен болған дұшпанның 8 самолетін атып түсіріп, 5 самолетін зияндады.

# Зеңбірек оғы жемін іздеуде

### АМЕРИКАНДАР ЛИСЫНМАНШЫЛ АРМИЯНЫ КӨБЕЙТУДЕ

НЬЮ-ЙОРК, 14 ноябрь. (СОТА). Өздерінің басқыншылық әскерлері Кореяда үлкен шығындарға ұшырап отырған американ империалистері корейліктерді арзан зеңбірек жемі есебінде бұрынғыдан көбірек пайдалануға тырысуда. «Нью-Йорк таймс» газеті мәлімдегеніндей, американ дивизияларынан гөрі Оңтүстік корейлік дивизияларды пайдалану жөніндегі шығын бірнеше есе кем болып отыр. Жүргізілген есепке қарағанда, деп жазады газет, «майданда 28 оңтүстік корей солдатын киіндіріп қаруландыруға бір американ солдатын киіндіріп қаруландырғандай ғана қаражат кетеді».

АҚШ-тың қыспағына түскен лисынмандық тобыр Оңтүстік корей әскерлерінің санын едәуір арттыру жөніндегі програм-

